

**Қоғамдық жұмыстар түрінде жазаға сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 тамыздағы № 207 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 қыркүйекте № 9-7-103 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 369 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2010.12.27 № 369 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 42-бабына, "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар түрінде жазаға сотталғандар үшін 2009-2010 жылдарға қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Нұғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Б. Ғаязов

Қостанай облысы бойынша  
қылмыстық-атқару жүйесі  
комитеті басқармасының  
Әуликөл аудандық  
қылмыстық-атқару  
инспекциясының  
аға маман-аға инспекторы  
Ж.Б. Ақанов

07.08.2009 ж.

Ә к і м д і к т і ң

2009 жылғы

10

тамыздағы

№ 207 қаулысына қосымша

**Қоғамдық жұмыстар түрінде жазаға  
сотталғандар үшін 2009-2010 жылдарға  
қоғамдық жұмыстардың түрлері**

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау
  2. Аумақты мұздан тазалау
  3. Аумақты қардан тазалау
  4. Аумақты қоқыстан тазалау
  5. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазалау
  6. Аумақты арамшөптен тазалау
  7. Қоқысты жинау және шығару
  8. Жас шыбықтарды қию
  9. Ағаштарды қию
  10. Ағаштарды ақтау
  11. Ағаш отырғызу
  12. Қоршауды жөндеу
  13. Қоршауды сырлау
  14. Фимаратты ақтау
  15. Фимаратты сырлау
  16. Гүл хауыздарын бөлу
  17. Газондарды қолмен қазу
  18. Шөпті шабу
19. Қоқысты жинау және өртеу